


Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

«БЕКІТЕМІН»
М.Х.Дулати атындағы ТарМУ
бірінші проректоры
Т.Рахымбаев
«_____» _____ 2020ж



СТУДЕНТТЕР ҮШІН ЕМТИХАН СЕССИЯСЫ КЕЗІНДЕ GOOGLE CLASSROOM ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ

Негізгі шарт - Google - Gmail.com – да электронды поштаңыздың болуы. (Ол Сіздің смартфонңызда бар. Ол үшін  (google) белгіні табыңыз және оны іске қосыңыз. Оң жақтағы жоғары бөлікте G әріпті белгі шығады, соны басыңыз, сол кезде Сіздің поштаңыздың мекенжайы@gmail.com бар жаңа терезе ашылады. Егер құпия сөзіңізді ұмытсаңыз, қайта жаңартыңыз.

1. Егер Сіз, Класс арқылы қашықтықтан оқып жүрсеңіз, емтихан сол платформада өтетін болады. Ал, егер, Сізде Класс болмаса, емтихан үшін Сіздің оқытушыңыз алдын ала пәннің атауымен класс ашады. Емтиханға дейін оқытушы Сізді сол класқа шақырып, тіркейді.

2. Google Classroom қосымшасын қалай табуға болады?

Google Classroom-ды табу оңай (Google-да электронды поштаңыз болса, әрине), ол үшін Google Chrom браузерін ашыңыз, Google-дегі қосымшаларды қараңыз.



Классты қолдану үшін мобильді телефон немесе компьютердің сервисіне кіріңіз. Содан кейін Класқа қосылу мүмкіндігіне ие боласыз, тапсырма алып, басқа студенттермен байланысқа шығасыз. Бастапқыда Курсқа бір ғана құрылғымен қосылсаңыз, кейін барлық құрылғы арқылы Класқа кіре бересіз.

Курсқа қосылудың екі жолы бар. Оқытушы WhatsApp, Telegram, электронды пошта арқылы курстың арнайы кодын жібереді немесе электронды поштамен оқытушы жіберген шақыртуды қабылдау арқылы қосыласыз.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті


«БЕКІТЕМІН»

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ
бірінші проректоры

_____ Т. Толқынбаев

« ____ » _____ 2020 ж


СТУДЕНТТЕР ҮШІН ЕМТИХАН СЕССИЯСЫ КЕЗІНДЕ GOOGLE CLASSROOM ПЛАТФОРМАСЫН ҚОЛДАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Негізгі шарт - Google - Gmail.com – да электронды поштаңыздың болуы. (Ол Сіздің смартфонңызда бар. Ол үшін  (google) белгіні табыңыз және оны іске қосыңыз. Оң жақтағы жоғары бөлікте G әріпті белгі шығады, соны басыңыз, сол кезде Сіздің поштаңыздың мекенжайы@gmail.com бар жаңа терезе ашылады. Егер құпия сөзіңізді ұмытсаңыз, қайта жаңартыңыз.

1. Егер Сіз, Класс арқылы қашықтықтан оқып жүрсеңіз, емтихан сол платформада өтетін болады. Ал, егер, Сізде Класс болмаса, емтихан үшін Сіздің оқытушыңыз алдын ала пәннің атауымен класс ашады. Емтиханға дейін оқытушы Сізді сол класқа шақырып, тіркейді.

2. Google Classroom қосымшасын қалай табуға болады?


Google Classroom-ды табу оңай (**Google-да электронды поштаңыз болса, әрине**), ол үшін Google Chrom браузерін ашыңыз, Google-дегі қосымшаларды қараңыз.



Класты қолдану үшін мобильді телефон немесе компьютердің сервисіне кіріңіз. Содан кейін Класқа қосылу мүмкіндігіне ие боласыз, тапсырма алып, басқа студенттермен байланысқа шығасыз. Бастапқыда Курсқа бір ғана құрылғымен қосылсаңыз, кейін барлық құрылғы арқылы Класқа кіре бересіз.


Курсқа қосылудың екі жолы бар. Оқытушы WhatsApp, Telegram, электронды пошта арқылы курстың арнайы кодын жібереді немесе электронды поштамен оқытушы жіберген шақыртуды қабылдау арқылы қосыласыз.

Код арқылы курсқа қосылу. Classroom.google.com. парақшасының жоғары жағында «Қосу» ("Добавить") батырмасын басып, «Курсқа қосылу» («Присоединиться к курсу») сөзін таңдайсыз. Содан кейін оқытушыдан алған курстың кодын теріп, «Қосылуды» ("Присоединиться") басасыз.



3. Класта емтихан тапсырмаларын қалай табуға болады?


Қосылған курсындағы немесе класындағы парақшадан курстастарыңның тізімін көруіңе болады. «Лента» терезесінең жаңалықтар мен материалдарды табасың. «Тапсырма» («Задания») терезесінде оқытушы емтихан күні (емтихандар кестесін қараңыз) тапсырмалар мен оның өлшемдерін жүктейді. Бұл туралы Сіздің электронды поштаңызға хабарлама келеді. Сол жерден емтиханның бағалау өлшемдерін көресіз. Класта тапсырмаларды орындау уақыты (минутына дейін) нақты көрсетіледі. Уақытынан кешіккен тапсырмаларды оқытушы қабылдай алмайды.




4. Тапсырманы қалай орындайды?

Сабақ кестесі бойынша қажетті пәннің Класын ашамыз. Тапсырмаларды көру үшін «Тапсырмаларды көру» («Посмотреть задание») батырмасын басу керек. Егер Класқа пошта арқылы шақырту алып қосылсаңыз, тапсырмалар бірден экраныңызға шығады.


Орындалған тапсырма файлын жүктеу үшін «Менің жұмысым» бөліміндегі «+Қосу немесе Құру» («+Добавить или создать») командасын басыңыз.



Оқытушы берген тапсырманың түріне қарай және Сіздегі техникалық мүмкіндікке байланысты орындалған тапсырма формасын (Файл, құжаттар, презентациялар, суреттер және т.б.) таңдайсыз. Мысалы, «Файл» және орындалған тапсырма файлын жүктеу (немесе бірнеше файлдар).



Орындалған тапсырмаларды тексеруге жіберу үшін «Өткізу» («Сдать») батырмасын басыңыз. Тапсырмаңыздың орындалғаны туралы жазба шығады.



Ескерту: Егер, өзгеріс енгізу керек болса, Сіз «Жіберуді болдырмаңыз» («Отменить отправку») батырмасын басу арқылы жіберілген жауапты қайтара аласыз. Алайда, оны кейін қайта жіберу керек. Бұл жерде тапсырманы тапсыру сәті соңғы нұсқасын тапсыру болады. Емтихан уақыты біткен кезде жауапты өзгертуге болмайды. Класта Сіздің тапсырманы кеш өткізгендігіңіз туралы белгі шығады. Оқытушы ондай жұмысты қабылдамайды.

Емтиханға мониторинг жасауды проктор (кезекші) жүзеге асырады. Проктор деканат немесе Тіркеу офисінің өкілі болып табылады. Ол Сізбен бірге Класқа тіркелген, емтихан кезінде Сіздің бүкіл әрекетіңізді бақылап отырады.

5. Сізді мазалайтын сұрақтарға жауаптар.

Егер Мен, кодты ұмытып қалсам немесе код арқылы кіре алмасам, не істеуге болады?

Егер сіз, кодты өшіріп алсаңыз немесе ұмытсаңыз, оқытушыдан қайта жіберуін сұраңыз (оқытушыға телефон шалыңыз немесе электронды поштасына хабарлама жіберіңіз). Бұл әрекетті емтиханға дейін жасаңыз.

Егер Мен, Google поштасын қолдансам, бұрынғыдай порталға кіріп, хабарлама алуыма бола ма?



Google.com поштасының порталға ешқандай кедергісі жоқ. логин мен құпия сөзіңіз бұрынғыдай қалады. Тіпті оларды өзгертсеңіз де, оның жауабы алдын ала көрсеткен поштаңызға келеді.

Емтиханнан алған бағамды қалай білемін?

Емтихан біткен күні оқытушы Класқа бағаларыңызды қояды. Келесі күні сағат 21.00-ге дейін оқытушы бағаларды университеттің мәліметтер базасына енгізеді. Осылайша сіздер бағаларыңызды порталдан көресіздер.

Апелляцияға қалай береміз?

Егер Сіз, оқытушы тарапынан жауабыңызға қойылған бағаға қанағаттанбасаңыз және ол үшін нақты негіздемелеріңіз болса, апелляцияға бере аласыз. Оны Класс арқылы жүзеге асырасыз. Өз тапсырмаңызғы кіріп, пікір қалдыратын жерге ойыңызды жазасыз. Тек бұл әрекетті келесі күні сағат 13.00-ге дейін жасайсыз.




Егер Менің компьютерім, не ноутбугым жоқ болып, Word немесе Excell-де файл құра алмасам, не істеуге болады?

Жауапты ақ параққа жазып, оны суретке түсіріп, Класқа жүктеп, жіберуге болады.

Мен тапсырманың жауабы ретінде бейне түсірдім немесе презентация дайындадым, бірақ файлымның көлемі ауқымды болып, мен оны жолдай алмасам не болады?

Мұндай жағдайда біздің келесі нұсқаулықтарымызды пайдалануға кеңес береміз. Порталда бейнені сығудың нұсқаулығы орналастырылған. Сонымен алдын ала (емтиханға) танысыңыз. Сондай-ақ файлыңызды Google Диск арқылы жолдауыңызға болады немесе сілтеме жіберіңіз.

Егер тағыда қояр сұрағыңыз болса, мына поштаға жазыңыз: exam_tarsu_2020@mail.ru



Техникалық ақауларға байланысты тапсырмаларымды жолдай алмасам не болады?

Біз интернетпен қиындығы бар студенттерді анықтап, алдын ала олардың картасын жасадық. Мұндай студенттер үшін кейінірек қосымша емтихан ұйымдастырылады. Егер Сізде, уақытша қиындықтар туып, уақытында файлды жолдай алмасаңыз, қамықпаңыз, экраннан уақыты көрсетілген кездің скринін жасаңыз. Осындай айғақпен файлыңызды кейін де жолдай аласыз.

Құрметті білі алушы, Сізге тапсырманың жауабын көрсетілген уақыттан 10 минут бұрын жолдауға кеңес береміз!